

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

«Ғажайып түстер»

(Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті)



Тобы: «Негеш» кіші топ
Тәрбиеші: Тұяқбаева Қалдан

Қызылорда 2023

Күні: 22.11.2023ж

Тақырыбы: «Ғажайып түстер»

Білім беру саласы: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті: Сенсорика.

Мақсаты: Түстерді тану және оларды атау дағдыларын дамыту.

Міндеттері: түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуды және дұрыс айтуды дағдыландыру. - Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап

Интеграция: Физикалық қасиеттерді дамыту, Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту

Барысы:

-Балалар, қандай әдемі, түрлі түсті киініп алғансыңдар. Көңіл күйлерің қалай?

-Тамаша. Ойын ойнағыларың келеді ме?

«Жұбыңды тап» Түстер. Көңілді жемістер әуен арқылы түстеріміз қандай екенін тауып жұптасамыз.



Ой қозғау:

«Ой қозғау» әдісі арқылы бала үні тыңдалады

- Ой балалар, бір дыбыс шығып жатқан сияқты ма? Тыңдаңдаршы. Қарап көріңдерші дыбыс қайдан шығып жатыр.

-Оқшаулау бұрышында қоян жылап отырады.

Сәлем қоян, саған не болды.

Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған көмек қажет, ойын ойнап жүріп күннің, бұлттың түсін білмей, достарымнан ұялып қалдым. Сендердің түстер жайлы айтып жатқандарыңды естіп, қайсысы қандай түс екенін білгім келіп тұр.



Қоян сен жылама, бүгін біз ғажайып түстер жайлы ойындар ойнағалы жатырмыз. Балалар қоянға көмектесеміз бе?

Олай болса, түстер жайлы қызықты ойынымызды ойнаймыз.



Ой, балалар қараңдаршы бұл ойын «Шуақты күннің ғажайып түстері » деп аталады.

Балалар қанекей қараңдаршы қандай түстер көріп отырмыз?

-Көк, сары, қызыл, жасыл.

Қалаған түсімізді таңдап , жайғасып тырамыз.

Мақсаты: түстер туралы түсінік беріледі. Ұсақ қол моторикасы, сөздік қоры, тілі дамиды.

Шарты: кілемшедегі түстерді ажыратып, тапсырмалар орындарын тауып, өз орындарына орналастырады.

Қоян: Қандай керемет мына ойын арқылы мен түстердің барлығын үйреніп алдым. Мына жердегі сәбізді жегім келіп тұрғанын қарашы. Алманы кірпі досыма берсем.

Жо-жоқ қоян , ол жердегі сәбізді жеуге болмайды.

Балалар, қоянға арнап сәбізді бояп беремізбе? Ол үшін таяқшалы губканы алып сары түске малып аламызда сәбіздің үстін бояймыз.

Олай болса шығармашылық алаңға барайық.

Сәбізді бояп қоянға береді.



Қоян: қандай тамаша, балалар сендерге көп рахмет.

-Жарайсыңдар балалар. Қоян қуанып жатыр, ойынды жалғастыруға дайынсыңдар ма?

«Түрлі-түсті доптар» ойынын ойнаймыз.Ендеше түрлі түсті доптарды алып, жердегі түрлі түсті дөңгелектер үстінен қоян құсап секіріп , түрлі түсті құбырға саламыз. Балалар допты таңдап алады.



Қорытынды: Қоян: балалар , мен сендермен бірге ойын ойнап түстерді жаттап алдым, менің сендерге сыйлығым бар.

Қандай керемет, балалар қане ашып көремізбе?

Қоян: Сыйлықты ашу үшін «Түстерді ата» ойынын ойнаймызба?

Жарайды, балалар қоянның алып келген сыйлығы қандай түсті?

Қызыл түсті, жарайсыңдар ашып көрейік.

Ой балалар, келесі қандай түс екен жасыл, келесі қандай түс сары. Дұрыс айтасындар,
Балалар бұл қандай түс-көк.

-Жарайсындар, ал енді қоянның сыйлығы ашылды, ала қойындар.



Қоян: Балалар мен түстердің барлығын үйрендім, сендерге алғысым шексіз, мен достарыма барып түстердің барлығын атап берейін, сау болындар!

Қоян сау бол!

Балалар, сендер бүгінгі ойын іс-әрекетіне өте жақсы қатыстындар. Сендер өте ақылдысындар.

Мақтау, мадақтау

